



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

платежей), законодательно закрепленных и обязательных к уплате на территории государства. Система же налогообложения, по мнению Н.П. Кучерявенко, помимо налоговой системы, «включает в себя и достаточно широкий спектр отношений, связанных с реализацией процессов налогообложения... система налогообложения представляет собой совокупность законодательно установленных налогов, сборов, обязательных платежей, принципов, форм и методов их установления, изменения или отмены; способ обеспечения; действий, обеспечивающих уплату и контроль за своевременным и полным поступлением средств от налогов и сборов в бюджет и целевые фонды».

На основании рассмотренных выше мнений ученых можно сделать вывод, что налоговая система государства - это правовая форма налогообложения, определяемого экономическими условиями развития общества, функционирующего в условиях действия рыночных отношений, т.е. налоговая система, определяет налогообложение, систему налогообложения.

Налоговая система Республики Казахстан включает в себя органы налоговой службы, правовые нормы, регулирующие налоговые отношения, и совокупность обязательных платежей в бюджетную систему в виде налогов, сборов и пошлин [4, с.56].

Подводя итоги, подчеркнем, что в современных условиях налоговая политика государства воплощает в себе его официальные ориентиры и приоритеты в развитии налоговой системы, вырабатывается субъектами политической власти государства в виде основных идей, концепций и направлений развития с учетом интересов общества, его отдельных слоев и групп и реализуется в налоговом правотворчестве и налоговом правоприменении государства [5, с.87-88].

#### **Список литературы:**

1. Гражданский кодекс Республики Казахстан, 27 декабря 1994 года (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.01.2018 г.) (дата обращения: 07.03.2018г). [adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz)
2. Кодекс Республики Казахстан от 25 декабря 2017 года № 120-VI «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)» (дата обращения: 09.03.2018г). [www.zakon.kz](http://www.zakon.kz)
3. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» от 17 января 2014 г. (дата обращения: 10.03.2018г). [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
4. Салыхбаева А.Т., Нурманбаева К.Н. Проблемы определения системы налогового права // Вестник КазНУ (серия юридическая), № 4(68), 2013.
5. Райзберг Б.А. Основы экономики. Москва, 2000.

## **ДӘСТҮРЛІ БИЛЕР СОТЫ- ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯЛАРДЫҢ ҚҰРАМДАС ТАРИХИ ҚҰНДЫЛЫҒЫ**

**Нұрасыл Камшат**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультеті, құқықтану мамандығының 3-курс  
Жетекші: Ибрагимов Ж.И.

Қазіргі уақытта құқықтық мемлекеттің дамуында қоғамның құқықтық мәдениеті мен әртүрлі әлеуметтік топтар басты рөл атқарады. Зерттеуші-заңгерлер қазақ қоғамының құқықтық мәдениетінің жалпы деңгейі өте төмендігін атап көрсетеді. Жарияланған конституциялық нормалар мен құқықтық қатынастар арасында айтарлықтай айырмашылық бар.[1] Бұл қазіргі уақытта кеңестік дәуірде қалыптасқан өмір жолын бұзу және дәстүрлі діни негіздермен бірге либералдық демократиялық қағидаларға негізделген жаңа мәдениет қалыптасуына байланысты. Бұл қоғамның қазіргі заманғы құқықтық мәдениетінің қалыптасуына зор ықпал етеді.

Қазақстан Республикасында қазіргі кезде посткеңестік тарихқа тән түрлі діндер мен жеке әлеуметтік топтардың қажеттіліктеріне байланысты моральдық-этикалық нормаларды жан-жақты және дәйекті түрде көрсетуге арналған өркениеттік құндылықтарға жаңа тәсілдер пайда болуда. Сонымен қатар Батыс өркениетінің тарихи-құқықтық негіздеріне ғана мән бермей, дәстүрлі қазақ қоғамының мәдени құндылықтарына да назар аудару қажет, себебі оның негізгі көрінісі билер соты болып табылады. Сот билігі арқылы әділдік, адамгершілік, татуласу идеялары қазақ қоғамына таралды. Шын мәнісінде, билер соты қазақ даласында өмірдің көптеген мәселелерін шеше отырып, қазақстандық қоғамда құқықтық түсінік қалыптастыру үшін сот және жалпы әлеуметтік функцияларды жүзеге асырған азаматтық институт ретінде әрекет етті.

Тарихи-құқықтық зерттеулер бойынша, қазақ қоғамындағы сот билігі көбінесе билер сотының негізінде жүзеге асырылды. Жоғарғы сот тек сот процесінің орталық институты ғана емес, әлеуметтік-саяси және, ең бастысы, қазақтардың құқықтық өмірінің маңызды орталығы болды. Сот билігінің ерекшелігі, ол, негізінен, сот медиациясын, қазақ әдеттегі құқық қоғамын, сарапшылар мен аудармашыларды уақытша немесе тұрақты түрде жүргізетін бидің аспектілерінің бірі болып табылады. Билерге тиесілі сот билігі қазақ көшпенділер қоғамында айрықша маңызға ие болды. Бұл өзін-өзі басқару жүйесіндегі жетекші билік болды, кең таралған, жақын және түсінікті, адамдар құрметке ие болды және оған сүйенді. Хан билігіне қарағанда сот жүйесі ең дамыған, өзін-өзі жүзеге асырған. Көшпелілерді түсіну кезінде ол мемлекеттіліктің символы ретінде әрекет етті, ыңғайлы, тиімді, тез, мемлекеттік билікті қолданудың әмбебап құралы деп айтуға болады. Сондықтан, барлық мемлекеттік органдар дерлік өз мақсаттарына қол жеткізу және қызметтерін жүзеге асыру үшін сот жүйесін пайдалануға немесе сот жүйесіне сүйенуге тырысты. Көшпелілер қоғамында сот жүйесі соншалықты құрметтелді, кейде ол ханның беделінен жоғары болды.[2]

Халқымыздың бай мәдени мұраларының арасынан ерекше орын алатын да, солай бола тұра түбегейлі зерттеу нысанына айналмай келе жатқан ерекше аксиологиялық феномен-билер институты. Билер институтының қыр-сырын ашудың кілті-қазақ халқының битану дәстүріне талдау жасауда жатса керекті. «Би» атақ-лауазымы көптеген түркі халықтарында кездеседі. Алайда оларды өзара салыстыра қарастырсақ, көшпелі халықтар дәстүріндегі билік лауазымы қазақтар салтында ең кең тараған, түп-тамыры тереңде жатқан, мән-мағыналы ерекше феномендердің санатына жатады.«Би» болу құдай берген қасиет. Әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. «Би бол, би болмасаң, би түсетін үй бол», яғни, қазақ, би қызметінің қасиетін түсінгендіктен бидің бар жағдайын жасауды алдын ала ойластырған. Бидің бар міндеті-сот төрелігіндегі әділдік. Қазақ би жүрегінде, көңілінде алаң болмауды алдын ала ойластырған. Үйі-күйі халық қолында, мойнында. Халық өнерлі адамдарын «Бала биден», «Төбе биге» дейін өз тәлім-тәрбиесінен өткізген. Өзі тәрбиелі халық Тура билерді тәрбиелеп шығарған. Би «кедей болам, кем қалам» демеген. Оның ұраны, ұстанымы: «Малым-жанымның садағасы, жаным-арымның садағасы».Малы да, жаны да ел-жұртында, ал халық ары-би жолында. Би-ең бірінші әділдікті, ел бірлігін жақтаушы сот. Сондықтан да бидің өзі де, билігі де халықтың мүддесіне байланысты, халықтың тарихына байланысты. Осы тұрғыдан зор тарихи маңызы бар қазақ құқық жүйесі өз ерекшелігімен әрі халықтың сипатымен өркениет шеңберіндегі құқық жүйесіне айналған. Билік айтудың, билеудің таусылмайтын емі, ол-ақыл, кені-білім, жетекшісі-талап, шолғыншысы-ой, жолдасы-кәсіп, қорғаны-сабыр, қорғаушысы-мінез.Осы қасиеттердің тұтастығы, тұрақтылығы және туралығы ғана билік жүргізушінің тұлғасын қалыптастырады. Шындық пен әділдікке жету, ел бірлігіне ақау түсірмеу қазақ құқығының оған негізделген билердің соттық шешімдерінің түпкі негізі, түпкі мақсаты болды.

Билер соты, мейлі ол жеке дара қаралсын немесе алқа билер тобымен қаралсын сайысушылық, жөн сөз тауып майталмандық жасау сипатында өткен. Әрбір тарап өз руласының мүддесін қорғайтын бір не болмаса бірнеше бимен қатысқан. Сот ісі хан

ордасында, биік төбе басында, алаңда, болмаса алдын ала белгіленген көшпелі рулардың мекенінде өткізілген.

Қазіргі құқықтық мәдениет дәстүрлі қоғамның дамуының кейбір нәтижелерін көрсетеді. Айта кету керек, тарихи нәтижелерді ғалымдар мен қоғам біраз уақыттан кейін бағалайды. Құқықтық әдебиетте әртүрлі тарихи кезеңдердің құқықтық мәдениетінің салыстырмалылығы мен әртүрлілігі ескерілген. Әр түрлі адамдар, саяси партиялар, билік өкілдері, оппозиционерлер мемлекеттік және құқықтық салада мәдени жетістіктерді әртүрлі бағалай алады. Алайда, қазіргі заманғы зерттеулерде тарихтың құқықтық мәдениеттің деңгейін анықтауда жалпы өркениеттік критерийлер әзірленіп келе жатқандығын және осы негізде қазіргі заманғы құқықтық мәдениетті дамытудың негізгі бағыттарын айқындау мүмкіндігі билер сотынан пайда болатынын баса айтады. Олардың ішінде: мінсіз адалдық, әділеттілік, жариялылық, құзыреттілік, халықты құрметтеу, бейтараптық, халықтың даналығын мойындау.

Дауды қарастырудағы халыққа түсінікті қарапайымдылық, дәлелдеу бостандығының қамтамасыз етілінуі, дауласушы тарап өкілдерінің іске қатысу мүмкіндігінің шектелмеуі шығарылған соттық шешімдердің әділеттілігі мен логикалық заңдарға сай болуы, дауласушыларды бітім мен имандылыққа шақыру халық көкейінен шығып, көшпенділердің сот жүйесінің демократиялық дәстүрлермен толығына әсер етіп, халықтық сипатын молайтуға игі әсер етті. Нәтижесінде қазақ құқығы дүниетанымдық тыныс-тіршілігінің өзегімен қисындас, халықтың өзіне жақын, тіпті жалпы адамзат баласының рухани-мәдениетінің мәйегіне айналып, реттеушілік қызметінің пәрменді жүргізілуіне жол ашты.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне ие болып, егеменді ел болғалы ата-бабаларымыздың рухани-мәдени құндылықтарына үңіле бастадық. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевта: «Біз өзіміздің арғы-бергі ата-бабаларымыздың жүздеген буынының қалдырған өсиетін ақтап, мұраларын сақтап, молайта беру жолында топтасуға тиіспіз және жастарымыз салт-дәстүрімізді көздің қарашығындай бағып жүретін, көптің көкейіне үміт отын жағып жүретін, адамзаттың озық ой көгінде ағып жүретіндей болуы тиіс» деген болатын. [3] Көшпелі қазақ даласында қалыптасқан билер әділ соты билік етіп үстем болған арада бірталай мерзім өткеніне қарамастан бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның аяғын нық басып, дамуына берері көп. Ең маңыздысы- билер әділ сотының ел өміріндегі орнын мойындау, оның бүгінгі қазақ мемлекетін демократияландыру саясатында құнды қызмет атқара алатын мүмкіндігі молшылық.

Ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тартып, ұлттық код, ұлттық құқықтық мәдениетімізді сақтау,[4] соның ішінде қазақ қоғамындағы біртуар билердің бойындағы адами қасиеттерін сақтай отыра, рухани, мәдени, құқықтық тұрғыда жаңғыру. Себебі Майқы биден бастау алып, Аяз, Шортанбай, Шоң, Төле, Қазыбек, Әйтеке билермен жалғасқан билер институты- қазақ қоғамының құқықтық мәдениетінің бір жетістігі.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Ибраева А.С. Правовая культура: проблемы теории и практики. Алматы: Жеті жарғы, 2002.
2. Кенжалиев З.К. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. Алматы: Жеті жарғы, 1997.146-147-беттер.
3. Назарбаев Н.Ә. «Туған елім- тірегім». Алматы, 2001.77,122-беттер.
4. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» 2017.